

Ажырасу МОНИТОРИНГІ

{

Орындаған: Рахатұлы Еркебұлан

2018 ЖЫЛ

- ▣ 2018 жылы елімізде 150 мың неке тіркелген, 300 мың жан отау құрған.
- ▣ 54 мың неке бұзылған.
- ▣ Сонда бір жылдың ішінде 108 мың адам ажырасқан.
- ▣ 80 пайызға жуығында балалары бар.

Ажырасуының негізгі себебі

- ▣ Әлеуметтік сауалдама қорытындысы бойынша жас отбасылардың 71 пайызы тұрғын үй,
- ▣ 60 пайызы қаржылық жағдайдан қиналады.

Астана қаласы Алматы аудандық сотының судьясы ажырасуға қатысты 230 істің қаралғанын айтады.

□

Соның 42 пайызы тұрмыстық зорлық-зомбылық себебінен ажырасуға бел байлаған.

28 пайызы сенімсіздік салдарын алға тартқан.

9 пайызы іс жүзінде бірге тұрмайтындар, соны құжат бойынша да біржақты еткісі келгендер.

7 пайызға жуығына ішімдік пен есірткіге тәуелділіктің кесірі тиген.

6 пайызы қаржылық жағдайдың себебінен айырылысқысы келген. Көбіне жалақыны, ортақ кірісті бөлісе алмайтындар мен несие алып төлемегендер.

5 пайызы әлеуметтік жағдайды алға тартқандар, әдетте тұрғын үй жағынан зардап шеккендер.

3 пайызы құмар ойындар мен букмекерлік кеңселерге кіріп кетіп, шыға алмай жүргендерден біржола басын арашалағысы келгендер.

▣ Неке бұзылғаннан кейін де бұзылатын талаптар бар Отбасы мәселелері көбіне ажырасумен аяқталып қалмайды. Бұл ушыққан жағдайды әрі қарай жалғайды. Елімізде туу көрсеткіші төмендеген. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтар, неке бұзылғаннан кейін болатын кикілжіңдер мен әлеуметтік жағдайға қатысты өзекті жайттар күн тәртібінен түспей тұр.

• *Статистикалық мәліметтерге сүйенсек,*

- 2018 жылы 41 пайыз неке бұзылған.
- Ажырасудан Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары алдыңғы орында,
- ал 2009-2017 жылдардағы республикалық көрсеткіш төмен түспеген, жыл сайын өсіп отырған. Соған сай 2014-2017 жылдардағы бала туу көрсеткіші төмендеген.

60 мың жалғызілікті әке бар.

Мамандардың мәліметінше, бүгінде 60 мыңға жуық жалғызілікті әке бар. Сонымен қатар сарапшы әкелерге көрсетілген әлеуметтік көмектің бірі ретінде ерлердің де декреттік демалысқа шыға алатынын алға тартты. Алғаш Швецияда пайда болған бұл заңнама бізде де кең таралып келеді. Мәселен, 2017 жылы 23054 әке бала күтіміне байланысты демалысқа шықты

Сенім телефоны



«111 сенім телефоны»

- 2016 жылдың қарашасында іске қосылған қызмет барлық отандастарымызға тәулік бойы де малыссыз құқықтық және психологиялық көмек көрсетеді. Негізгі бағыты – отбасылық, оның ішінде балаларға қатысты құқықтар туралы консультация беру. Желі күніне 700-800 қоңырау қабылдайды, оның 75-80-і нәтижелі қоңыраулар. Өткен жылы 270530 қоңырау түскен, оның 9 029-ымен сапалы байланыс орнатылып, лайықты жұмыс жүргізілген.

▣ 2018 жылы Қазақстанда 140 840 неке тіркелген. Дегенмен осы бір жыл ішінде 51 775 отбасы ажырасып кеткен. (140 840 некенің емес, жалпы алғанда ажырасқандар).

- ▣ *Былтыр ОҚО 21 344 неке қиылып,*
- ▣ *5067 отбасы ажырап кеткен.*
- ▣ *Ажырасу саны бойынша Алматы (5 963), Алматы облысы (5 137), ОҚО (5067), Қарағанды облысы (5 055) және ШҚО (4859) өңірлері алдыңғы орында.*
- ▣ *Сондай-ақ ақпаратта ажырасулар статистикасы бірнеше жылдан бері жақсармай тұрғаны айтылған. Бұдан бөлек жеке және мемлекеттік сот орындаушылардың өндірісінде алиментке қатысты 191 000 сот актісі бар екені айтылған.*

▣ 2016 ж. Үйленгендер/ ажырасқандар

- ▣ · АСТАНА Қ. 11 299/ 3 693
- ▣ · АЛМАТЫ Қ. 16 645/ 5 693
- ▣ · Ақмола облысы 4859/2391
- ▣ · Ақтөбе облысы 6 749/ 2 450
- ▣ · Алматы облысы 15 374/ 5 137
- ▣ · Атырау облысы 4 891/ 1 424

- ▣ • Шығыс Қазақстан облысы 10 231/ 4 869
- ▣ • Жамбыл облысы 8 067/ 2 471
- ▣ • Батыс Қазақстан облысы 5 030/ 1829
- ▣ • Қарағанды облысы 10 737/ 5 055
- ▣ • Қостанай облысы 5 627/ 3 125
- ▣ • Қызылорда облысы 5656/1 822
- ▣ • Маңғыстау облысы 5 590/ 1 470
- ▣ • Павлодар облысы 5 173/ 2 958
- ▣ • Солтүстік Қазақстан облысы 3568/ 2 051
- ▣ • Оңтүстік Қазақстан облысы 21 344/5067

Үлкен егде жастағылар ажырасуы көбейген

- ▣ Елімізде соңғы бес жылда жасы алпыстан асқан 11732 қария ажырасқан. Олардың 7248-і ерлер де, 4484-і әйелдер. Бұл ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің статистикалық мәліметтері. Толығырақ тоқталсақ, 2013-2017 жылдар аралығына жүргізілген зерттеуде жыл сайын ажырасу жағдайларының көбейіп келе жатқаны анықталған. Мәселен, 2013 жылы алпысты алқымдаған 2123 қария мұндай қадамға барса, 2014 жылы 2283, 2015 жылы 2301, 2016 жылы 2374, 2017 жылы 2651-і өмірлік серігімен қош айтысқан.

Ажырасу себебі

- "Үнемі қарбалас өмірде балаларын өсіреді, балаларына жағдай жасауға көп уақыт бөледі де ерлі-зайыптылар бір-бірімен араласуға уақыттары қалмайды. Ал балаларын үйлендіргеннен кейін ерлі-зайыптыларда бос уақыты көбейіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болуға мүмкіндіктері молайып, менің осы күйеуім немесе әйелімнің мінезі нашар, енжар, агрессив, бұзық деген пікір қалыптасып жатады", - дейді маман. Сонымен қатар, психолог ерлі-зайыптылардың егде жаста көп уақыты бар болғандықтан бір-бірімен араласу қызықсыз болып жататынын тағы бір себеп ретінде атап отыр.

- "Әйелінде күйеуі туралы, күйеуінде әйелі туралы ой туындайды және бір-бірімен араласу қызықсыз болып жатады және қалған өмірде тыныш өмір сүрейін деген ой басым болады. Және де көп жағдайда қартаюдан қорқыныш сезімі ұлғаяды, сол қорқынышты жеңу үшін өзінен жастау ерге немесе әйелге уйлену үшін ажырасады", - дейді ол. Мұндай жасқа қарамастан, ажырасуға тағы бір себеп сексуалдық қажеттіліктің әйелінде немесе күйеуінде молырақ болуы екен. "Сексуалды қанағаттанбау әсерінен де әйелі күйеуінен не болмаса ері әйеліне талап қойып жатады, біреуі сол талабын орындамағандықтан жағдайдың арты ажырасуға әкеліп жатады, яғни егде жастағы ерлі-зайыптылардың біреуі сексуалды қатынасқа белсенді болса, біреуі белсенді емес, сол кезде өзара түсінбеушілік өрши түседі", - дейді мамандар.